



«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

30 маусым 2020 жыл

Мазмұны

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы қысқартылған жеке аралық есеп.....	1
Пайда немесе шығын және басқа жиынтық табыс туралы қысқартылған жеке аралық есеп	2
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған жеке аралық есеп	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы қысқартылған жеке аралық есеп	4

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР:

1	Компания және оның операциялық қызметі.....	5
2	Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы).....	6
3	Есеп саясатындағы өзгерістер.....	6
4	Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар	6
5	Байланысты тараптармен жүргізілген есеп айырысулар мен операциялар	10
6	Еншілес компаниялар мен бірлесіп бақыланатын және қауымдастырылған кәсіпорындарға салынған инвестициялар	12
7	Берілген қарыздар.....	13
8	Өзге ұзақ мерзімді активтер	13
9	Өзге қысқа мерзімді активтер.....	14
10	Ақша қаражаты.....	14
11	Акционерлік капитал	14
12	Қарыздар	15
13	Басқа кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер	16
14	Акционер алдындағы міндеттеме	16
15	Дивидендтер бойынша кірістер.....	16
16	Өзге операциялық кірістер мен шығыстар (нетто).....	16
17	Жалпы және әкімшілік шығыстар	17
18	Қаржылық кіріс.....	17
19	Қаржылық шығыстар	17
20	Табыс салығы	17
21	Шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер.....	18
22	Қаржы құралдарының әділ құны	18
23	Есепті күннен кейінгі оқиғалар.....	20
24	Бір акцияның баланстық құны	20

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қаржылық жағдай туралы қысқартылған жеке аралық есеп

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескертпе	30 маусым 2020 ж. (аудит жүргізілмеген)	31 желтоқсан 2019 ж.
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар		337,804	373,929
Материалдық емес активтер		751,345	763,873
Пайдалану құқығы нысанындағы актив		859,296	982,052
Еншілес компаниялар мен бірлесіп бақыланатын және қауымдастырылған кәсіпорындарға салынған инвестициялар	6	541,571,110	541,364,649
Берілген қарыздар	7	46,591,097	47,955,694
Өзге ұзақ мерзімді активтер	8	2,280,524	2,160,716
Барлық ұзақ мерзімді активтер		592,391,176	593,600,913
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар		35,126	36,431
Берілген қарыздар	7	12,772,721	15,669,815
Өзге қысқа мерзімді активтер	9	29,853,733	11,396,351
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	10	1,925,940	1,298,005
Барлық қысқа мерзімді активтер		44,587,520	28,400,602
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		636,978,696	622,001,515
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	11	376,045,927	373,314,888
Резервтегі өзге капитал		90,143,030	91,643,030
Өтелмеген залал		(39,168,439)	(54,741,536)
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ		427,020,518	410,216,382
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	12	149,093,552	183,760,143
Жалдау бойынша міндеттемелер		584,760	689,052
Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер		1,387,460	1,469,449
Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер		151,065,772	185,918,644
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	12	53,990,420	23,638,774
Жалдау бойынша міндеттемелер		315,104	346,314
Өзге кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер	13	4,196,840	1,414,783
Акционердің алдындағы міндеттеме	14	339,077	363,571
Төлеуге арналған өзге салықтар		50,965	103,047
Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер		58,892,406	25,866,489
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		209,958,178	211,785,133
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ		636,978,696	622,001,515
Бір жай акцияның теңгерімдік бағасы	24	76,095	73,094

Басшылық атынан 2020 жылы 12 тамызда қол қойылды.

Жоламанов Бақытжан Төлеужанұлы
 Басқарма Төрағасы



Төлекова Сәуле Бекзадақызы
 «Бухгалтерлік және Салық Есебі»
 департаментінің директоры – Бас
 бухгалтер

5-беттен 20-бетке дейін қоса берілген ескертпелер осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Пайда немесе шығын және өзге жиынтық табыс туралы қысқартылған жеке аралық есеп

	Ескертпе	2020ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай (аудит жүргізілмеген)	2019ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай (аудит жүргізілмеген)	2020ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)	2019ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>					
Дивидендтер бойынша табыстар	15	32,087,553	37,364,533	1,459,842	37,364,533
Өзге операциялық табыстар және шығыстар (нетто)	16	(3,149,579)	(774,637)	(3,147,930)	(864,074)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	17	(2,431,838)	(2,876,681)	(1,128,312)	(1,507,281)
Негізгі қызмет бойынша пайда/(залал)		26,506,136	33,713,215	(2,816,400)	34,993,178
Қаржылық активтерді қалпына келтіру (нетто)		49,652	548,299	64,895	396,318
Қаржылық табыстар	18	4,064,490	1,816,065	2,111,035	958,505
Қаржылық шығыстар	19	(11,946,845)	(11,247,061)	(5,966,976)	(5,883,527)
Салық салғанға дейінгі пайда / (залал)		18,673,433	24,830,518	(6,607,446)	30,464,474
Табыс салығы бойынша шығыстар	20	(34,105)	(65,375)	(21,944)	(27,102)
Кезең ішіндегі пайда/(залал)		18,639,328	24,765,143	(6,629,390)	30,437,372
Кезең ішіндегі барлық жиынтық пайда/(залал)		18,639,328	24,765,143	(6,629,390)	30,437,372

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған жеке аралық есеп

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескертпе	Акционерлік капитал	Резервтегі өзге капитал	Өтелмеген залал	Барлық капитал
2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қалдық					
		373,314,888	91,643,564	(86,635,985)	378,322,467
Кезең ішіндегі пайда (аудит жүргізілмеген)		-	-	33,935,449	33,935,449
Өзге жиынтық залал		-	(534)		(534)
Кезең ішіндегі барлық жиынтық (залал)/табыс (аудит жүргізілмеген)		-	(534)	33,935,449	33,934,915
Жарияланған дивидендтер	11	-	-	(2,041,000)	(2,041,000)
2020 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қалдық					
		373,314,888	91,643,030	(54,741,536)	410,216,382
Кезең ішіндегі пайда (аудит жүргізілмеген)		-	-	18,639,328	18,639,328
Кезең ішіндегі барлық жиынтық табыс(аудит жүргізілмеген)		-	-	18,639,328	18,639,328
Капиталға салынған жарна	11	2,731,039	(1,500,000)	-	1,231,039
Жарияланған дивидендтер	11	-	-	(3,066,231)	(3,066,231)
2020 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша қалдық (аудит жүргізілмеген)					
		376,045,927	90,143,030	(39,168,439)	427,020,518

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Ақша қаражатының қозғалысы туралы қысқартылған жеке аралық есеп

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Ескертпе	2020ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай (аудит жүргізілмеген)	2019ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай (аудит жүргізілмеген)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Салық салғанға дейінгі пайда		18,673,433	24,830,518
Мыналар бойынша түзетулер:			
Дивидендтер бойынша табыс	15	(32,087,553)	(37,364,533)
Тозу және амортизация		252,912	234,945
Қаржылық шығыстар	19	11,946,845	11,247,061
Қаржылық табыстар	18	(4,064,490)	(1,816,065)
Бағам айырмасынан түскен табыс/(залал)		2,326	(58,651)
Активтердің құнсыздануы бойынша шығыстар (нетто)		3,096,348	360,478
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейін операциялық қызметте пайдаланылған ақша қаражаты:		(2,180,179)	(2,566,248)
Тауар-материалдық қордың азаюы		1,305	8,386
Дебиторлық берешек пен өзге қысқа мерзімді активтердің азаюы		34,618	66,764
Өзге кредиторлық берешектің азаюы		(193,895)	(801,757)
Өзге салықтар бойынша берешектің көбеюі		(63,155)	(39,900)
Операциялық қызметте пайдаланылған ақша қаражаты		(2,401,306)	(3,332,755)
Төленген табыс салығы		(68,872)	(61,409)
Алынған дивидендтер		13,827,832	17,383,486
Төленген пайыздар		(6,758,988)	(6,773,233)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты		4,598,666	7,216,089
Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражатының қозғалысы			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(193,979)	(126,297)
Еншілес компаниялар мен бірлесіп бақылайтын кәсіпорындарға берілген қарыздар мен қаржылық көмек		(4,601,000)	(11,292,936)
Еншілес компаниялардың борыштық қралдарын (облигацияларды) сатып алу		-	(47,000,000)
Еншілес компаниялардың капиталына салынған салым		(2,121,422)	(5,018,355)
Қауымдастырылған ұйымдардың капиталына қатысу үлесін көбейтпей салынған салым		-	(200,000)
Банктік салымдарды алу, нетто		-	75,594
Алынған пайыздар		2,967,267	552,135
Еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарға берілген қаржылық көмекті өтеуден түсетін түсім		9,182,537	23,341,000
Қаржылық құралдарды өтеуден түскен түсімдер		24,590	19,415
«Тауба Invest» ЖШС дебиторлық берешегін өтеу		193,601	514,141
Қаржылық құралдарды сатудан түскен түсімдер		192,300	-
Инвестициялық қызметтен түскен/(пайдаланылған) таза ақша қаражаты		5,643,894	(39,135,303)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Қарыздар бойынша түсімдер		16,710,342	119,618,800
Қарыздарды өтеу		(23,781,118)	(36,483,755)
Самұрық-Қазына қарыздарын өтеу		(2,381,109)	(2,381,109)
Облигацияларды өтеу		-	(45,655,846)
Жалдау бойынша негізгі қарызды өтеу		(135,502)	(145,293)
Акционерге төленген дивидендтер		-	(2,041,000)
Қарызды ресімдеу үшін комиссия төлеу		-	(718,442)
Өзге төлемдер		(30,557)	-
Қаржылық қызметтен түскен/(пайдаланылған) таза ақша қаражаты		(9,617,944)	32,193,355
Валюта айырбас бағамы өзгеруінің ақша қаражатына және олардың эквиваленттеріне әсері		3,450	1,688
Құнсызданға байланысты резервтердегі өзгеріс		(131)	(116)
Ақша қаражатының және оның эквиваленттерінің таза көбеюі		627,935	275,713
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	10	1,298,005	256,275
Есепті кезең соңындағы ақша қаражаты және оның эквиваленттері	10	1,925,940	531,988

5-беттен 20-бетке дейін қоса берілген ескертпелер осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

1 Компания және оның операциялық қызметі

«Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – «Компания») 2007 жылы 18 сәуірде құрылып, 2007 жылы 10 мамырда тіркелген. Компания Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылған.

Компанияның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылады, оған Компания акцияларының 100%-ы тиесілі. Қазақстан Республикасының Үкіметі - Компанияны түпкі бақылаушы иесі.

Негізгі қызмет

Компания қызметінің негізгі түрлері көмір, көмірсутек, су ресурстары және жаңартылатын энергия көздері (бұдан әрі - ЖЭК) негізінде электр және жылу энергиясын, ыстық суды өндіруді, оларды халыққа, өнеркәсіптік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау, желідегі электрді техникалық бөлу, сондай-ақ су электр станцияларының мүлкітік кешендерін жалға алу болып табылатын бірқатар компанияларды біріктіретін (б-ескертпе) холдингтік компания болып табылады.

Компанияның қызметін жүзеге асыратын мекенжайы мен орны: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А.

Операциялық орта

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамып келе жатқан нарықтың кейбір ерекшеліктерін көрсетуді жалғастыруда. Әсіресе, ол ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газ және басқа минералды шикізат бағаларының құбылыстарына айрықша сезімтал. Бұл ерекшеліктерге сонымен қатар елден тыс еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуы, бірақ олармен шектелмейді және бағалы қағаздар нарығындағы өтімділіктің төмен деңгейі жатады. Өңірдегі саяси шиеленіс пен валюта бағамының құбылмалылығы Қазақстан Республикасының экономикасына, оның ішінде өтімділіктің төмендеуіне және халықаралық қаржыландыруды тарту қиындықтарының туындауына кері әсерін тигізді жалғастыруы және одан әрі тигізе беруі мүмкін.

2020 жылғы 12 наурызда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы COVID-19 жаһандық пандемиясының басталғанын жариялады. Пандемияға байланысты Қазақстан билігі COVID-19-дың таралуы мен әсерін болдырмауға бағытталған көптеген шараларды қабылдады, мысалы: саяхаттауға тыйым салу және шектеулер, карантиндер, іскерлік белсенділікке шектеу және т.б. Бұл шаралар, басқалармен қатар, Қазақстандағы экономикалық белсенділікті қатаң түрде шектейді және теріс әсер етуі мүмкін және белгісіз уақыт аралығында бизнеске, нарық қатысушыларына, Компанияның тұтынушыларына, сондай-ақ қазақстандық және әлемдік экономикаға теріс әсер етуін жалғастыруы мүмкін. Басшылық Компания қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және өз клиенттері мен қызметкерлерін қолдау үшін қажетті шараларды қабылдайды.

Сонымен бірге, 2020 жылғы 9 наурызда ОПЕК мәмілесінің құлдырауы аясында мұнай бағасы құлады, Brent маркалы мұнайдың бағасы осы жылдың наурыз айында барреліне 25 доллардан төмендеді. COVID-19 эпидемиясы бүкіл әлемге таралып, бүкіл әлемдік экономикаға теріс әсерін тигізді.

Осы қаржылық есептілікті шығаратын күнге қарай жағдай әлі де дамып келеді, бүгінгі күнге дейін Компанияның қызметіне айтарлықтай әсер еткен жоқ, алайда болашақтағы әсерді болжау қиын. Басшылық жоғарыда аталған оқиғалардың ықтимал әсерін бақылауды жалғастырады және бизнес үшін жағымсыз салдардың алдын алу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Қаржылық есептілікті дайындау негізі

2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілік БЕХС 34 «Аралық қаржылық есептілікке» сәйкес әзірленді. Жеке қысқартылған аралық қаржылық есептілікпен Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (бұдан әрі - «ҚЕХС») сәйкес дайындалған 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдық жеке қаржылық есептілігімен бірге танысуға болады.

Қабылданған есеп саясаты, табыс салығын есептеу мен төменде көрсетілген жаңа және қайта қаралған стандарттарды қабылдауды қоспағанда, алдыңғы қаржы жылының және сәйкес аралық есептік кезеңнің саясатына сәйкес келеді.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Айырбас бағамдары

2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қалдықтарды қайта есептеу үшін шетелдік валютамен көрсетілген пайдаланылған ресми айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 403.83 теңгені құрады (2019ж. 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 381,18 теңге) және 1 ресей рублі үшін 5.77 (2019ж. 31 желтоқсан: 1 ресей рублі үшін 6.17 теңге).

Үздіксіз қызмет қағидаты

Басшылық осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікті үздіксіз қызмет қағидаты негізде дайындады. Басшылықтың шешімі Компанияның қаржылық жағдайына, оның ағымдағы ниеттеріне, операциялардың пайдалылығына, қаржылық ресурстарға қол жетімділігіне және Үкіметтің қолдауына негізделеді. 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның қысқа мерзімді міндеттемелері қысқа мерзімді активтерінен 14,304,886 мың теңгеге асып түсті.

Компанияның болашақтағы қызметін жалғастыру қабілетін бағалау кезінде мынадай факторлар қарастырылды:

- Компанияның Қазақстанның энергетикалық жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызы бар. Компанияның басшылығы мен акционерлерінің Қоғамды таратуға деген ниеті де, қажеттілігі де жоқ.
- Қоғамның 46,792,767 мың теңге мөлшеріндегі ағымдағы міндеттемелері тартылған қаржылық көмек пен көрсетілген қызметтер үшін Компанияның еншілес ұйымдары алдындағы қарызын білдіреді.
- 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның жаңартылатын кредиттік желілер аясында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дан жалпы сомасы 50, 000, 000 мың теңге сомасында және «Ресей Жинақ банкі» АҚ ЕБ-нің жалпы сомасы 14, 000, 000 мың теңге көлемінде қолжетімді қаражаты бар.

Осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілік активтер мен міндеттемелердің, табыстар мен шығыстардың теңгерімдік құнына қандай да бір түзетулер енгізуді немесе қаржылық жағдай туралы қысқартылған жеке аралық есептіліктің операциялық қызметті жалғастыра алмаған жағдайда қажет болатын жіктемесін қамтымайды, мұндай түзетулер маңызды болуы мүмкін.

3 Есеп саясатындағы өзгерістер

Төменде санамалап көрсетілген қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелер Компания үшін 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап міндетті болды, бірақ олар Компанияға айтарлықтай әсер еткен жоқ:

- Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негізіне түзетулер (2018 жылғы 29 наурызда жарияланған және 2020 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Бизнесі анықтау - 3 ҚЕХС-ке (IFRS) түзетулер (2018 жылғы 22 қазанда шығарылған және 2020 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңнің басынан бастап сатып алуға қатысты күшінде болады).
- Маңыздылықты анықтау - 1 (IAS) және 8 (IAS) ҚЕХС-ке түзетулер (2018 жылғы 31 қазанда шығарылған және 2020 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшінде болады).
- Сыйақының базалық мөлшерлемесін реформалау - 9 ҚЕХС (IFRS), 39 (IAS) ҚЕХС және 7 ҚЕХС-ке түзетулер (2019 жылдың 26 қыркүйегінде шығарылған және 2020 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшінде болады).

4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар

Қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде Компания қолданылатын есеп саясатына және есептілікте көрсетілетін активтер мен міндеттемелерге, табыстар мен шығыстарға әсер ететін бағалауды пайдаланады және болжамдар жасайды. Нақты нәтижелер осы бағалардан өзгеше болуы мүмкін

Қолданылған негізгі есептік бағалар мен кәсіби пайымдаулар, табыс салығы бойынша провизияны есептеуді және жаңа және өзгертілген стандарттарды қабылдауды қоспағанда, 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық жеке қаржылық есептілікті дайындау барысында қолданылған есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдауларға сәйкес келеді.

4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті кезеңнің соңында басшылық жеке активтердің немесе активтер тобының құнсыздану белгілерінің бар-жоғын және гудвилден басқа активтер немесе активтер топтары үшін алдыңғы кезеңдерде танылған құнсызданудан шеккен залалдың жоқтығын немесе төмендегенін бағалайды. Егер осындай белгілер болса, басшылық активтің өтелетін құнын бағалайды, ол сатуға шыққан шығын мен оның пайдалану құндылығын шегергендегі оның әділ құны шамасының неғұрлым жоғарғысы ретінде анықталады. Пайдалану құндылығын есептеу басшылықтың қалыптасқан жағдайларда негізді болып саналатын бағалау деректері мен кәсіби пайымдауларды қолдануын талап етеді.

Қаржылық емес активтердің құнсыздану белгілерінің бар-жоғын анықтау сонымен қатар негізгі құралдар объектілерінің мүмкін болатын технологиялық ескіруін, қызметті тоқтатуды, олардың пайдалы қызметінің қалған мерзімдерін және пайдалану жағдайындағы басқа да өзгерістерді анықтауда пайымдау мен бағалауды қолдануды қажет етеді.

ҚЕХС (IAS) 36-ға сәйкес құнсыздану белгілерінің бірі кезең ішінде пайда болған немесе жақын болашақта Компания жұмыс істейтін технологиялық, нарықтық, экономикалық немесе құқықтық ортада Қоғамға жағымсыз әсер еткен маңызды өзгерістердің болуы болып табылады. актив арналады. Активтердің өтелетін құнын бағалау кезінде Компания бағалауды қолданады және пайымдайды. Бағалар мен пайымдаулар үнемі сыни тұрғыдан қарастырылып отырады және басшылықтың өткен тәжірибесі мен басқа факторларға, соның ішінде қалыптасқан жағдайларда негізді болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты болжамдарға негізделген. Басшылық сонымен қатар есеп саясатын қолдану процесінде бағалауды қажет ететіндерден басқа кейбір пайымдауларды қолданады.

COVID-19 таралуы мен әсерін тежеуге бағытталған шаралар Қазақстандағы экономикалық белсенділікті айтарлықтай шектейді және теріс әсер етеді, белгісіз уақыт аралығында Компанияның бизнесі мен клиенттеріне, сондай-ақ Қазақстан мен әлемдік экономикаға кері әсерін тигізе беруі мүмкін. Тиісінше, олар болашақ ақша ағындарын азайтуға немесе операциялық және басқа шығыстарды ұлғайтуға, сондай-ақ экономикаға қолдау көрсету үшін Үкіметтің электр энергиясына қойылатын тарифтерді реттеуіне әсер етуі мүмкін.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС (бұдан әрі - ЕГРЭС-1), «Тегіс Мұнай» ЖШС мен оның еншілес кәсіпорны «Маңғышлақ Мұнай» ЖШС (бұдан әрі - «Тегіс Мұнай») және «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ бірлескен кәсіпорны (бұдан әрі - «ЕГРЭС-2») еншілес ұйымдарына инвестициялардың құнсыздануына тест өткізді.

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» (бұдан әрі - ЕГРЭС-2) АҚ-да инвестициялардың құнсыздану белгілерінің бар-жоғын бағалау нәтижесінде басшылық талдау жасалған күні құнсыздану белгілері жоқ деген қорытындыға келді. Тиісінше, Топ басшылығы ЕГРЭС-2 негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің, сәйкесінше, 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша осы кәсіпорындағы Компанияның үлесінің құнсыздануына тест өткізбеу туралы шешім қабылдады. Құнсыздану белгілерінің жоқтығын көрсететін негізгі факторлар 2021 жылдан бастап, Қазақстан Республикасы Энергетика Министрлігінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 205 бұйрығымен бекітілген теңгерімді электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде, сондай-ақ теңгерімдеудің белгіленген пайдасын, электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін электр энергиясына тарифтің едәуір жоғарылауы - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығына сәйкес 2020 жылдың 1 шілдесінен бастап 7,73 теңге / кВтсағ-тан 9,13 теңге / кВтсағ дейін және белгіленген пайданы тіркелген айқындаудың жаңа әдістемесін қолдану болып табылады.

Компания 2020 жылғы 30 маусымда БЕХС 36 «Активтердің құнсыздануы» сәйкес «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС (бұдан әрі - «ЕГРЭС-1»), «Тегіс Мұнай» ЖШС және оның еншілес кәсіпорны «Маңғышлақ Мұнай» (бұдан әрі - «Тегіс Мұнай») еншілес ұйымдарына салынған инвестициялардың құнсыздануына арналған тестілерді жаңартты, бұл кәсіпорындар экономикадағы ағымдағы жағдайдың теріс әсеріне ұшыраған.

4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

ЕГРЭС -1

Электр энергиясына бір кВт/с бірлік үшін шекті тарифтің болжамы 2020 жылы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 29 маусымдағы № 243 бұйрығымен бекітілген тарифке негізделді. 2021 жылдан бастап болжамды тариф Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 205 бұйрығымен бекітілген электр энергиясын теңгерімдеудің шекті тарифтерін бекіту кезінде ескерілетін электр энергиясының шекті тарифтерін бекіту кезінде, сондай-ақ теңгерімдеудің белгіленген пайдасын айқындау әдістемесін қолдана отырып есептелді.

Төмендегі кестеде болжамдардың негізгі өзгерістері келтірілген, мұнда құнсыздану тестілері 2020 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша жаңартылған:

Сату көлемі:

2020 жылдың 31 мамырындағы жағдай бойынша	Өлш. бірл.	2020 ж. 6 айы	2021	2022	2023	2024	2025
ЭЭ үшін тариф - Қазақстан	теңге/кВт.с млн теңге/ (МВт*айын	5.80	8.61	8.78	8.80	8.76	8.78
Қуатты ұстап тұру қызметінің тарифі	а) млн теңге/ (МВт*айына	0.59	0.63	0.66	0.70	0.73	0.75
Қуатты реттеу қызметінің тарифі (KEGOC))	0.69	0.72	0.76	0.79	0.82	0.84

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша	Өлш. бірл.	2020	2021	2022	2023	2024	2025
ЭЭ үшін тариф - Қазақстан	теңге/кВт.с млн теңге/ (МВт*айын	5.76	6.51	6.78	7.06	7.62	7.79
Қуатты ұстап тұру қызметінің тарифі	а) млн теңге/ (МВт*айына	0.59	0.62	0.65	0.67	0.70	0.72
Қуатты реттеу қызметінің тарифі (KEGOC))	0.69	0.80	0,84	0.87	0.90	0.93

Компания қарыз қаражаты есебінен «Жаңа электр сүзгіштерді орнату арқылы № 1 энергия блогын қалпына келтіру» инвестициялық жобасын іске асырудың жоспарлы аяқталуына байланысты 2024 жылдан бастап электр энергиясын әзірлікте ұстап тұру қызметтері үшін жеке тариф алады деп күтеді. Энергетика министрлігінің «Жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламаларын қарауға жіберу, оларды қарау және іріктеу, жаңғыртуға, кеңейтуге және реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдерді жасасу, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттарды тиісінше жасасуды және осы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемдері мен мерзімдерін белгілеу қағидаларына сәйкес, 2020 жылдың 30 қаңтарында Нарық кеңесіне өтініш берілді. 2020 жылғы 27 наурызда Нарықтық кеңес төралқасының отырысы өткізіліп, онда Нарық кеңесі Сараптамалық комиссиясының 2020 жылғы 11 наурыздағы ұсынымдары қаралып, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС және басқа энергия өндіруші компаниялардың инвестициялық бағдарламасын уәкілетті органның қарауына қабылдауды ұсыну туралы шешім қабылданды.

Сату көлемі:

2020 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша	Өлш. бірл.	2020 ж. 7 айы	2021	2022	2023	2024	2025
Электр энергиясын сату – Қазақстан	млн кВтс	9,607	16,832	18,011	19,026	19,660	20,054
Айына электр қуатын сату	МВт	10,931	25,798	26,248	27,078	22,058	22,761
Электр энергиясын сату – Өзбекстан	МВт	875	1,500	1,174	31	-	-

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша	Өлш. бірл.	2020	2021	2022	2023	2024	2025
Электр энергиясын сату – Қазақстан	млн кВтч	17,527	18,935	20,261	21,404	22,117	22,616
Айына электр қуатын сату	МВт	18,744	25,800	26,244	27,072	28,056	28,764
Жылына электр қуатын реттеу (KEGOC)	МВт	1,500	1,500	1,174	-	-	-

4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

2020 жылы қуатты сату көлемі 2019 жылғы желтоқсанда өткен орталықтандырылған сауда-саттық нәтижелері бойынша қабылданды. 2021 жылдан бастап ЕГРЭС-1 нарықтың негізгі қатысушылары арасында орташа нарықтық тариф бойынша сауда-саттықта қуаттың біркелкі таратылуын күтуде. Басшылық ЕГРЭС-1 2021 жылдан бастап болжамды қуат көлемін орындай алатынына сенімді, өйткені қуат сұранысқа ие және бұл станцияның ағымдағы жүктемесі мен сатылым көлемінен көрінеді. Сондай-ақ, 2019 жылы «Өзбекэнерго» компаниясымен электр энергиясын жеткізуге арналған келісімшартқа қол қойылды.

Жүргізілген тест нәтижесінде басшылық қандай да бір құнсыздануды анықтаған жоқ. Құнсыздануды тестілеу нәтижелері бойынша инвестициялардың өтелетін сомасы 2020 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша 577,923,128 мың теңге мөлшерінде анықталды, бұл инвестицияның теңгерімдік құнынан 244,541,001 мың теңгеге артық. Сәйкесінше, Компания 2020 жылы құнсызданудан болған шығынды мойындамады.

Егер 2020-2025 жылдарға электр энергиясының тарифі 5,8 теңге / кВт деңгейінде қалса, Компания инвестицияларының өтелетін құны олардың теңгерімдік құнынан 218,638,729 мың теңгеге аз болады.

Егер электр энергиясы үшін шекті тариф Компания шығынға ұшырамайтын деңгейде қалса және пайда (рентабельділік деңгейі) әкелмесе, инвестициялардың өтелетін құны олардың баланстық құнынан 10 501,696 мың теңгеге аз болады.

Терминалдық құнды есептеу үшін қолданылатын ұзақ мерзімді инфляция мөлшерлемесі жылдық 2,31%-ды құрайды. Дисконттау мөлшерлемесі салаға тән тәуекелдердің ағымдағы нарықтық бағасын көрсете отырып есептелген және әрбір компания үшін капиталдың орташа өлшенген құны негізінде 11,52% мөлшерде анықталған (2019: 10.62%).

Тегіс Мұнай активтерінің құнсыздануына арналған тест

Дәлелденген және ықтимал газ қоры құнсыздануға тест жүргізу кезінде қолданылады. Газ қорларын бағалауға қатысты көптеген белгісіздіктер бар, атап айтқанда, бағалау кезінде жарамды болжамдар жаңа ақпарат пайда болған кезде айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Шикізат тауарларына, валюта бағамына, өндіріс шығындарына немесе қайтарым мөлшерлемесіне болжамдық бағаның өзгеруі қорлардың экономикалық жағдайын өзгертіп, нәтижесінде резервтердің өзгеруіне әкелуі мүмкін.

Табиғи газды өндіру 2024 жылы басталады және 2024 жылдан бастап жыл сайын өндірілетін газдың 65%-ы экспортталады деп болжануда.

Пайдалану мәнін есептеу барреліне АҚШ долларымен мұнай сатудың мынадай болжамды бағаларын болжайды, ол 2020 жылғы 22 маусымдағы *Consensus economics* болжамды бағасына негізделді, сонымен қатар басшылық Қытаймен шекарада мұнай мен газдың арасында корреляцияның жоғары болуына байланысты экспортталатын газдың бағасы мұнай бағасымен тығыз байланысты деп болжайды, оны талдау да растайды.

<i>АҚШ долларымен</i>	2022	2023	2024	2025
Бір баррель үшін мұнай бағасы (Brent)*	59.1	60.3	61.7	63.2
Қытай шекарасында газға 1 м ³ экспорттық бағалау бағасы	265	270	277	284

*Дереккөз: *Consensus economics*

Салықты төлегеннен кейін 17,3% дисконттау мөлшерлемесі (2019 ж.: 13,9%). Құнсыздануды тестілеу нәтижелері бойынша активтердің өтелетін құны 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша таза активтердің теңгерімдік құнынан 3,146 миллион теңгеге аз. Компания басқа шығыстар құрамында кезең ішіндегі пайдаға немесе залалға инвестициялардың құнсыздануынан болған залалды көрсетті.

Дисконттау мөлшерлемесінің 1% -ға өсуі 6,069 млн. теңгеге құнсыздануға әкеледі. Мұнай бағасының 10% -ға төмендеуі 8,427 млн. теңгеге құнсыздануға әкеледі. Сату көлемінің 10% -ға төмендеуі 7,533 млн. теңгеге құнсыздануға әкеледі.

4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

Балқаш ЖЭС

2019 жылғы 29 қазанда Компания Samsung C&T-ден 50%+1 БТЭС акциясын сатып алып, БТЭС-тегі 100% үлестің иесі болды. Сатып алу кезінде БТЭС банкроттықтың алдында болды, сондай-ақ іс жүзінде маңызды қызметті жүзеге асырмады. 2017 жылдан бастап кредиторлар мен өнім берушілер БТЭС-тің төлем қабілетсіздігіне байланысты бірнеше рет сотқа жүгінді, бұл өз кезегінде мүлікке тыйым салуға әкелді, сонымен қатар БТЭС қызметін айтарлықтай шектеді. 6 жылғы 2019 желтоқсанда сот шешімімен банкроттық процесін бақылау және жүргізу үшін уақытша басқарушы тағайындалды.

Ұлттық экономиканы қолдау үшін карантиндік шаралар мен Мемлекет қабылдаған шаралардың енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 14 шілдедегі № 443 қаулысымен мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері атынан кредиторлардың заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді банкрот деп тану туралы өтініштер беруін 2020 жылғы 1 қазанға дейін тоқтата тұру бұйырылды, осыған байланысты БТЭС-тің банкроттық рәсімі уақытша тоқтатылды. Осылайша, басшылықтың пікірінше, Компанияның бақылауы жоқ және БТЭС-ке салынған инвестициялар толығымен құнсызданған.

Компания, «Сыртқыэкономбанк», «Еуразия Даму банкі» және ЕГРЭС-2 арасындағы қарыз алу құқығын қайта табыстау туралы шарт

2019 жылы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ ЕГРЭС-2 акцияларының 50%-ын «Интер РАО ЕЭС» ААҚ-дан сатып алу туралы мәміленің аясында «Сыртқыэкономбанк» пен «Еуразия Даму Банкі» арасында (бастапқы кредиторлар ретінде), «Еуразия Даму Банкі» (Кредит бойынша Агент ретінде), «Самұрық-Энерго» АҚ (Сатып алушы ретінде) және ЕГРЭС-2 (Қарыз алушы ретінде) қарызды кеміту туралы келісімге қол қойылды, ол Сыртқыэкономбанктің «Самұрық-Энерго» АҚ пайдасына кредиттік келісім бойынша өзінің талап ету құқығын жеңілдетуін қарастырады.

2019 жылғы 9 желтоқсандағы қарызды кеміту туралы келісімге сәйкес, «Самұрық-Энерго» АҚ 2021 жылғы 21 маусымнан кешіктірмей немесе дефолт оқиғасы туралы хабарлама алған күннен бастап 60 күннен кешіктірмей Сыртқыэкономбанктен көрсетілген күннің қайсысы ерте келетініне қарамастан, рубль түрінде қарыз алуы тиіс.

Компанияның басшылығы дефолт оқиғалары 2020 жылдың 30 маусымдағы жағдай бойынша болған жоқ деп санайды.

Қарызды сатып алғаннан кейін, бұл қарызды талап ету құқығы «Сыртқыэкономбанк» АҚ-дан «Самұрық-Энерго» АҚ-ға өтеді және қарыз валютасы рубльден теңгеге өзгеруі тиіс. 2010 жылғы 23 маусымдағы Кредиттік келісімнің талаптарына сәйкес, қарыз валютасының өзгеруі рубльмен есептелген бастапқы пайыздық мөлшерлеменің теңгемен алғандағы пайыздық мөлшерлемесіне сәйкес өзгеруін білдіреді. Осы мәміле туынды қаржы құралының өлшемдерін қанағаттандырады және басшылық әділ құнды есептеуді жүргізді және осы туынды қаржы құралының әділ құны есепті күнге маңызды емес деген қорытындыға келді және тиісінше активті немесе міндеттемені танымады.

5 Байланысты тараптармен жүргізілген есеп айырысулар мен операциялар

Байланысты тараптарды анықтау «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» БЕХС 24–те көрсетіледі. Байланысты тараптар деп әдетте, егер олардың біреуінде екіншісін бақылай алатын мүмкіндік болса, жалпы бақылауда болатын немесе елеулі әсер ете алатын немесе екінші тараптың қаржылық және операциялық шешімдеріне бірге бақылау жасайтын тараптар есептеледі. Тараптар байланысты болып табыла ма, жоқ па, деген сұрақтарды шешуде тараптардың заңды түрі ғана емес, олардың өзара қарамы-қатынас сипаттары да ескеріледі. Аналық компания және Компанияның бақылаушы жағы 1-ескертпеде егжей-тегжейлі жазылған.

